География пәнінен тест сұрақтары

1. Грек тілінен аударғанда «география» сөзінің мағынасы:
A) жерді сызу
B) жерді сипаттап жазу
C) жерді өлшеу
D) жерді оқу
E) жерді зерттеу

2. Қазақстан құрамындағы облыс саны:
A) 13
B) 14
C) 12
D) 15
E) 19

3. Ресеймен құрлықта шекараласпайтын ел:
A) Польша
B) Литва
C) Словакия
D) Қазақстан
E) Беларусь

4. Халық ең көп қоныстанған дүние бөлігі:
A) Азия
B) Солтүстік Америка
C) Оңтүстік Америка
D) Еуропа
E) Африка

5. Жер беті ... негұрлым дұрыс бейнеленген:
A) физикалық картада.
B) глобуста.
C) саяси картада.
D) экономикалық картада.
E) топографиялық картада.

6. Астанасы Антананариву аралдағы мемлекет:
A) Мадагаскар
B) Камор
C) Бахрейн
D) Калимантан
E) Суринам

7. Халықтың орналасуына әсер ететін факторлар:
A) Тарихи жағдайлар.
B) Климат-табиғат жағдайы, ғылым.
C) Өнеркәсіптің дамуы, мәдениет.
D) Тарихи, табиғи және экономикалық жағдай.
E) Табиғи өсім.

8. Алматы облысының территориясында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай соғатын қатты жел.
A) Муссон.
B) Ебі.
C) Арыстанды-қарабас.
D) Пассат.
E) Сайқан.

9. Қазіргі уақыттағы экологиялық дағдарыстың негізгі себебін көрсетіңіз.
A) Ғарыштық зерттеулер.
B) Апатты жағдай.
C) Ұтымсыз ауыл шаруашылығы.
D) Әскери әрекет.
E) Адамның шаруашылық әрекеті.

10. Республикамыздың қай аймағында халық басым қоныстанған:
A) Орталығында.
B) Шығысында, Батысында.
C) Солтүстік-батысында.
D) Оңтүстігінде және Солтүстігінде.
E) Солтүстігінде, Орталығында.